

Т.Н Махмутов

Рухолла Әли Мусави Әл Хомейнидің ислам жолындағы күресі мен өмірі

Рухолла Али Мусави Әл Хомейни 1902 жылғы 24 қыркүйекте Иранның таулы аймағында Тегеран қаласынан ,оң түстікте орналасқан үш жүз шақырымдай жерде Хомейн қалашығында дүниге келді.

Оның ата тегінің жәй әулеттен емес екендігін аңғартатын дәйекті дәлелдердің өзі нағыз ирандық шииттерден екенін және пайғамбарымыздың (САС) ұрпақтарына тікелей қатысы бар екенін жетінші қасиетті имам Муса Каземнен сейід Мустафа Мусавидің тарайтынын айтады. Ұлы тұлғаның есімінің алдында әрдайым аталып жүретін Рухолла атауы «Алланың рухы» деген мағынаны береді. Хомейни тегінің берілуі 1935 жылы Пехлеви әулетінің билеушісі Реза шахтың еуропалықтарға жақын Персия атауын Иран атауымен барлық ресми құжаттарда енгізілуін және төл құжаттарда тегінің жазылуының талаптар қоюуымен тұспа тұс келді. Алғашқыда әкесінің атымен Мустафави тегін алса кейінен шығыстағы ұлы тұлғалардың туып өскен қаланың атауымен аталу үрдісі бойынша Хомейни есімімен әлемге әйгілі болды.

Ұлы имамның атасы 1868 жылы дүниеден өткен Ахмед «хинди» деген лақап атпен танымал болды, өйткені ол Кашмирде дүниеге келген болатын. Атасы шииттер үшін қасиетті саналатын Ирактағы Неджаф шаһарында діни білім жетілдіріп, Хомейни қалашығына тұрақтап, жергілікті шонжар Юсуфханың апасымен отасады. Имамның әкесі сейід Мустафа Мусави 1868 жылы дүниеге келген. Неджаф шаһарында жоғарғы діни оқу орнын бітіріп, мұжтахид дипломын иеленіп мұсылмандық құқықпен шұғылданы. Неджафтағы діни оқуға дейін Исфахан қаласындағы Хусейін Хонсари есімді ірі діни тұлғадан діни тәлім тәрбие алды. Мустафа Мусави Хусейін Хонсаридің қызымен отбасын құрып, үш қыз,үш ұлдың әкесі атанды.Рухоллаға бес айлық кезінде қайғылы жағдай болып әкесінен айырлады. Ол өз тағдырын пайғамбарымыздың жетімдігімен тағдырластырады.Рухолла бала жасынан өте дарындылығымен ата-әке жолын жалғастырып, бауырларынан араб тілін мен каллиграфиясын,діни терминдер мен парсы әдебиетін жетік меңгерді. Қоғамдағы келеңсіз оқиғалардың салдарынан жан ұясы тұрақты мекенжайда орыныға алмады. .Рухолла жасы он беске келгенде анасы мен апайы өмірдің тауқыметіне төтеп бере алмай бірінен кейін бірі өмірден өтті.

Өмірінің ең ауыр кезеңдерін бауырларымен бөлісіп,тағдырының тауқыметіне төтеп беруге жұмыла жүріп 1920 жылы Арактағы әйгілі діндар Хайери Язидің діни мектебінде білім алудың сәтіне ие болды. Аятолла Хайери Язидің сан жылдардағы талмас еңбегінің арқасында Құм шаһарын шииттік мұсылмандардың діни орталығына айландырды. Құм қаласында ирандық шиитер үшін маңызы зор алтыншы имам Джафар Сыдықтың ілімін

жандандыру мақсатымен жетінші имамның қыздары Фатима Масуменің және сегізінші имамның апаларының зиараттарын қайта қалпына келтіруде ұлы аятолла Хайери Язди және серіктестері талмай еңбек етті. Сол кезеңдердегі Ирандағы саяси дағдарыстардың нәтижесінде елдегі әлеуметтік әл ақуалдың адам төзгісіз жағдайлары имам Хомейнейдің жанын жаралады. Фейзије семинариясының оқытушы ұстаздары жас шәкірттің талантты жігерін,білімге деген құштарлығын бижай қалдыра алмады.1929 жылы осы семинарияның ұстаздарының бірі Мухаммед Сақафи Техрани мырзаның қызымен шаңырақ құрады.Жан жарынан жеті перзент сүйеді оның екуі нәресте кезінде шетінейді.Ұлдары сейід Мустафа,сейід Ахмед және үш қызы. Рухоллах Мусавидің еңбектері бағаланды ол 27 жасында мұжтахеттік деңгейге көтерілді.Оның еңбектері араб тілдерінде жарыққа шықты. Құран аяттарындағы күрделі шумақтарды тәфсірлеуге,мистикалық діни сұрақтардың жауабын табуға күш жігерін салды. Фарсы тілінде мистикалық өлеңдер жазды.

Ресейдегі кеңестік төңкерістен кейін Иран да көптеген келеңсіз оқиғалардың алаңына айналады,кеңестік үкімет аумақтан әскери зерттеу бөлімшесін шығарды. Бұл ағылшындар үшін ең қолайлы да оңтайлы жағдай еді.Ағылшындар парсы мұнай компаниясының мүддесін қорғау мақсатында Қаджар жанұясының жас бійлеушісі Ахмед шахты ықпалдарына көндірді. Елді басқару мақсатында елде ішаралық қақтығыстардың қалыптасуына жол беріп, Реза хан есімді жас, өр мінезді әскери офицерге мемлекетті басқаруға жол ашты.

1925 жылы парламенттің келісімімен Қаджарлар династиясын құлатты, таққа талантты, өжет, қатал әскери қолбашы Реза шах отырды. Ол патшалықтың атын әлемге таныту мақсатында Сасанидтік дәуірдегі Пехлеви тегін жамылды.Билікті мықтап қолға алу мақсатында діни өкілдердің мүддесін қорғаған сыңай танытып, шииттік қауымдастықтың жерлерін де тартып алды.Шахтың батыс елдерінің билік жүргізу тәсілін қолдауы және елді діннен алшақтатуды қолдай отырып, сол уақыттағы Түркия билеушісі Ататүрікке еліктеу еді. Иранның Пехлеви әулетінің билігінде шииттік діни ғұламалардың ролы маңызға ие бола алмады, бірақ сол уақыта имам Хомейни өзінің бүгінгі таңдағы исламдық мемлекеттің дәнегін сепкен болатын.Хомейнидің үйінен жақын маңында тұратын аятолла Нури есімді шәкірті ұлы тұлғаның бойындағы исламға деген сүйіспеншілікті дарыта отырып былай деп еске алады: «Хомейни қоғамда исламның ролін көтеру және азаматтардың бойына сіңдіру деген. Ұлы жетекшінің келешекке деген сенімі өте нық болатын». 1(48.6) 1937 жылы Имам Хомейнидің ұстазы аятолла Хаери Язиді Реза шахтың өлтіртуі Хомейнидің оған деген өшпенділігін күшейте түсті. Имам Хомейни Реза шах Пехлевидің ақсүйектік саясатын сынға алып,тарихи дәлелдемелер келтіріп, оған жағымпаз діндарларды сынады .Ол өзінің еңбектерінде елді онекінші имамн Махдидің келуіне дейін мұсылмандық құқық танушы билігіне беру керек деген ұстанымды отызбес жыл бойы ұстанды,бүгінде ол Иран елінің ұранына айналуда.

Реза шах гитлерлік Германиямен одақтасу негізінде ежелгі иранның арилік нәсілдің ортақ тамырлығын алға тартқан болатын. Гитлерлік Германияның Кеңестік одаққа басқыншылық шабуылынан кейін Черчилль Сталинге Иранда бірлескен әскери компаниясын құруды ұсынған болатын. Ұсыныс қолдау тауып 1941 жылы Кеңес әскерлері солтүстіктен, ағылшын әскерлері оңтүстіктен еніп, Иран шахын өзінің 22 жасар ұлы Мұхаммед Реза шахтың мүддесі үшін тақтан бас тартуға мәжбүрледі. Реза шахты оңтүстік Африкаға жер аударды, ол онда үш жылдан соң қайғыдан көз жұмды. Мұхаммед Реза шах әкесі сияқты өктем билікке жаны құмар болатын.

1942 жылдары КСРО-ға Иран арқылы батыс елдерінің жүк артқан кемелері ене бастады. Бұл Иранға АҚШ-ың көз тігіуінің алғашқы жобасы болатын. Жоба үш үлкен ұлы держава арасындағы Иранның жер қойнауындағы байлықты бөлісу саясатына жол ашты. 1943 жылы тарихта әйгілі Тегран конференциясында АҚШ, Англия, КСРО Иранның аумақтық тұтастығын сақтау құқығына және әлеуметтік көмектер беруге қол қойылды. 1(252б)

Имам Хомейнидің өмірінде өшпес із қалдырған оқиғалардың бірі 1943 жылы Мұхаммед Боруджердидің Мешхед қаласындағы сегізінші имам Резаның мазарына зиярат жасау сапарындағы сөйлеген сөздері еді. Шииттік діндарлар үшін аятолла Хаериге тең келетін ғұлама діндар Мұхаммед Боруджерди болғандықтан оны ирандық шииттер үшін киелі саналатын 1944 жылы Құм қаласына қоныстандырды да оған Ұлы аятолла лауазымы беріліп «Әлемдегі шииттердің көсемі» деп танылды. Аятолла Мұхаммед Боруджердидің ізбасар шәкірттерінің, мектеп медреселерінің саны артып, бүгінгі Иран Ислам елінің негізін қалауға ықпал етті. Бірақ Боруджерди саясатпен айналыспады, тек діни ғылыми еңбектер жазып келешекке даңғыл сара жол салды. Ол өзінің бір сөзінде былай деген еді: *«Мен метебімнің келешегі үшін сендерді өсіруім керек, ал келешекте уақыты жеткенде күреске шығңдар».* 2(57.б)

Иранның шет мемлекеттердің жартылай отарына айналуы, сыртқы саяси ықпалдың күшейуі елдегі ішкі жағдайдың тұрақтамауына алып келді. Елдің бірлігін қаламаған отаршыл мемлекеттерге керегі де осы болатын. Елде көптеген мемлекеттік, оппозициялық партиялар мен әскериленген діни күштер пайда болды. Коммунистік халықтық партия (Туде) күшейді.

Имам Хомейни Мұхаммед Реза шахтың елді басқарудағы көрегенсіздігін сынап, елдің келешегін өзгертуге (1943-1961) жылдары теория жүзінде діни еңбектермен ислам елінің түбірінің негізін қалады. 1943 жылы жарық көрген *«Сырлардың ашылуы»* атты еңбегі шииттік иран әлемінде оның даңқын асқақтатты.

1944-1961 жылдары елде саяси, діни, ұлттық партиялар арасында қақтығыстар етек алды. Хомейни 50-жылдардың аяғында аятолла лауазымын алса 1961-жылы ұлы аятолла лауазымын иеленді.

1951-1953 жылдары елдің байлығын ұлттандыру мақсаттында «Ұлттық шеп» құрылып жеңіске жетті. ЦРУ(ОББ) мен Моссад барлау күштері доктор Мосаддықты биліктен тайдыруды жоспарлап, 1955 жылы биліктен құлатты Мұхаммед Реза билік басына қайта келді.

Американдықтар елдің барлық саласында ықпалын күшейтіп, елдің ішкі саясатына араласып, солшылдар қозғалысын басуға шахты жігерлендірді, ал діни өкілдер тарапынан қауіптің келетінін байқамады. Елдің барлық тыныс тіршілігі 1957 жылы құрылған САВАК жасырын комитеттің қолында болды. Оның жоғары дәрежеде даярланған мамандары Израилдегі жасырын әскери оқу орындарынан өтті. Оны басқару тікелей израилдік кеңесшілердің қолында болды. Елдегі өндірістік сауда орындарының жеке қожайындары яхуди дініндегі өкілдердің меншігінде болды. Имам Хомейни бұл жайындада қатты сындар айтып, шахтың үрейін тудырды. Шах 1959 жылы өзінің жеке басының қамы үшін Америкамен әскери шарт жасасты. 1962 жылы Ұлы аятолла Боруджери өмірден өтті, ол көзі тірісінде шахпен ара қатынасты қалыпта ұстауға күш салды, бірақ соңғы уақытта шыдам шегінің таусылғанын аңғартып кетті. Демек, аятолла Хомейни көп жылдан бері көкейінде жүрген сұрақтардың шешімін шығаратын уақыттың жеткенін байқады. Ол өзінің діни ортада және жастар мен студенттер пікірінде жетекшілік лауазымының барын паш етті. 1963 жылғы Мұхаммед Реза шахтың «Ақ төңкеріс» реформасының алты тарауында елдегі көкей тесті мәселелерді қамтыды. Феодалдық жүйені жою, жер реформасын қайта құру, жеке кәсіп орындарды жекешелендіру, сайлау құқықтарын беру, сауатсыздықпен күресу, орман-шабындықтарды ұлттандыру. Бұл шахтың кезектегі тағы бір құйтырқы амалдарының бірі болатынын Имам Хомейни уақытынан бұрын аңғарған болатын. Реза шахтың жасап жатқан жақсылықтарының астарында елдегі сионистік өкілдердің мүддесі болатын. Елде шах билігіне қарсы наразылық шерулер легі етек ала бастады. Хомейнидің азаттық жолындағы діни серіктестерінің саны ұлғайып қоғамда жетекшілік сипатқа ие бола бастады. *«Менің діни ар алдындағы борышым мұсылман әлемінің және Құран мен исламның тағдыры қатер үстінде екендігін айту. Халқымның саяси және елдің экономикасы сионистік алпауыттың азуында кетері хақ. Егерде мұсылман халқы үнсіздікте жатар болса, сионистер еліміздің жағдайын құрдымға жіберіп, мұсылмандық ұлтты жойып жібереді. Қатерді жоймайынша халық қарап отырмауы тиіс, кімде кім қол қусырып отырар болса, Хақ тағаланың һақарына ұшырайды...»*3(64)

1963 жылы жаңа жылдың қарсаңында аятолла Құмдағы діни өкілдерге шах режимінің құрбандарын еске алуға ұсыныс тастады. Иранның жер-жерлеріне азаттық жолында құрбан болғандарды еске алу хабарын жеткізді. Халықты қанаған үкіметке қарсы ереуілдер елді мекендерде наразылық шерулермен қанатын құлашынан жаза бастады. Шах үкіметі наразылық шерулерді аямастан басып тастап отырды.

1964 жылы 14 қазанда Вена конвенциясына сәйкес американдық әскерилер мен әскери емес мамандардың Иран территориясына орнығуы шеңберінде заң қабылданды. Осы жылы Иран капитуляциялық келісім туралы заң қабылданды. Осыған байланысты аятолла Хомейни өзінің наразылығын былай білдірді: «Үкімет пен мәжіліс мұсылмандар жабайы деп мойындайтын құжатты АҚШ қолына тапсырды. Сол арқылы ислам мен ұлттың барлық мақтанышын қара қаламмен сызды»2(б) Шах үкіметінің бұл әрекеті заңға

қайшы болды, өйткені ол конвенцияда тек дипломатиялық өкілеттіке қатысты тараулар болатын. Мұхаммед Реза шах бұл әрекетінің соңында нендей жағдайдың тұрғанын тез аңғарып, Құм қаласына келісім мақсатында өкілдерін жіберді.

1964 жылы 25 қазанда аятолла Хомейни келісімнен бастартып, Құм қаласында діни өкілдер мен халықты бірлік пен күреске шақырды. 1964 жылы 4 қарашада таңсәріде әскери девирсанттар Құм қаласын қоршап Хомейниді, артынан баласын Мұстафаны тұтқындады. Хомейниді және баласын Түркияның Бурса қаласына жер аударды. Хомейнидің азаттық жолындағы күресіне шах үкіметінің қарсы әрекеті нәтиже бермеді. Он бір айлық жабық өмірде отанына деген үндеулер мен жолдаулар легі үзілмеді. Иранда 1965 жылы 22 қаңтарда премьер-министр Мансурға қастандық жасалды. 1965 жылы 13 қазанда Түркия үкіметі аятолла Хомейниді Түркияда ұстап тұруға қауқарсыздық танытып, баласы Мустафа екеуін Ирактың діни қаласы және шииттердің бірінші имамы Алидің қабірі орналасқан Неджаф қаласына жер аударылды. Шииттердің ұлы көсемі Хомейнидің Иракқа келуі оның азаттық жолындағы күресін жалғастыруға үлкен мүмкіншіліктер тудырды. Ирактағы он үш жылдық өмірінде Ирандағы барлық оқиғалардың тыныс тіршілігімен танысып, елін алыстан басқарып, қозғалыстың рухани күдіреті демеушісі болды.

Ирак-Иран арасындағы шекара жайындағы және Шатт-эл-Араб өзеніне талас Имам Хомейнидің осы елдегі жағдайын қиындаты.

1969 жылы Хомейнидің мәртебесі өсіп, шет мемлекеттерге атағы жайылып, әлемдік деңгейде таныла бастады. *«Исламдық құқықтық басқару»* (Велайяте Факих) атты лекциялық жиынтығы Иранда жарық көріп, таратылды. 4 (886)

1970 жылы Иранға американдық капиталистердің Рокфеллер басқарған делегация өкілдері мұнайдан түсетін пайданың пайызын көтеру және саяси ықпалды күшейту мақсатында келген болатын. Мұхаммед Реза өзінің даңқын асқақтату және Иранда монархиялық биліктің 2500 жылдығын тойлау ниетімен ел байлығын есепсіз жеке басының мүддесіне жаратты. 1971 жылы жоғарғы оқу орындарында 11-нен 18-ші қазанға дейін демалыс жарияланды. Ақпарат құралдарында САВАК пен мұсылмандық қарулы күштер арасында қақтығыстар болғанын хабарланды.

Аятолла Хомейнидің Ирактағы өмірі саяси қақтығыстарға толып, елде тұрақтатпау мәселесі туындап, Ирактан кетуге беталғанда жағдай өзгерді. 1973 жылы араб елдерінің Израилдің одақтастары АҚШ-қа және Голандияға қарсы мұнайды жөнелтуді тоқтату наразылығы ықпал етті. Нәтижесінде еуропа елдерінде экономикалық құлдырау орын алды, көптеген елдер мұнай өндірісін ұлтандыру мүмкіншілігін иеленіп, ОПЕК-те өзінің ұстанымдарын нығайтып, бағаны әлемдік нарықта белгілеу мүмкіндігіне қол жеткізді.

Шах пенен халықтың сүйікті ұлы тұлғасының арасындағы қақтығыстар иран халқына ой салып, шалғайдағы көсемнің әрбір сөздерін жандарына жебеу етіп, жылдар өткен сайын беделі арта түсті.

Мұхаммед Реза шах 1976 жылы ирандағы мұсылмандық хиджри шәмси күнтізбесін Ахеменидтер патшалық билігінен бастау алатын жыл санауына өзгерті. Имам Хомейни шахтың бұл әрекетін исламға опасыздық жасу деп атап өтті. 5(93.6)1976 жылы Ираннан келіп жатқан әріптестеріне елінің болашағын өзгертуге жанқиярлықпен талмай еңбек етуге шақырды. Аятолла Хомейни елдегі саяси жағдайдағы ұстанымын нығайту мақсатында басқадай оппозициялық күштермен ортақ келісімдерге келді. *Шах үкіметі АҚШ-тағы 1976 жылғы президенттік сайлауға қаржылай көмек берді. АҚШ тағы сайлауда республикандықтар жеңеді деген үмітте болатын, бірақ демократтар өкіметі Джимми Картер жеңіске жетті.* Демократтар Ирандағы жағдайдың тұрақтылануын қамтамасыз етуді назарға алмаған еді. Бағдаттағы Иран елшісі Хомейнидің қол қусырып отырмағандығын шахқа жеткізгенде, шах Хомейниді тұншықтыруды о бастан айтқан болатын. 1977 жылы 23 қазанда САВАК ұйымының өкілдері имам Хомейниді соқыға жығып, үлкен ұлы Мұстафаны у беріп өлтірді.

Имам Хомейнидің өміріндегі ауыр қаза оның шахқа деген өшпенділігін жасытпады, керсінше ұлының өлімін шииттік шәһиттердің қатарына қосты. Иранның барлық жерлерінде ұлы ғұлама ғалымды қала халқы наразылық шерулермен еске алып көшеге шықты. Бұл жағдай Иран халқын төңкеріске алып баратын сара жолдың бастамасының негізіне айналды.

Шах үкіметі елдегі саяси қақтығыс жағдайының тереңдемеуін қарастырды, Ирактағы діни орталықтың басшысы аятолла Хакимге көмек беруін өтінді.

1978 жылы шілде де қасиетті ораза айында намаздан шыққан халық «Шахқа өлім! Хомейни жасасын!» деген ұрандармен наразылық шеруіне шықты. Оқиға қанды қырғымен жалғасын тапты. Жаңадан премьер-министр лауазымын иеленген Джафар Шариф Имами қақтығыстарды тоқтатып, келісімге келу, ұлттық мүддені қорғаған сыңай танытты. Құмға барып, шииттердің белсенді, ықпалды діни өкілі аятолла Шариатмадаримен кездесті, мақсаты наразылықты тоқтату болатын. Оның бұл әрекетінен нәтежие шықпады, өйткені Имам Хомейнидің беделі халық арасында бәрінен биік болды.

Иранның және Ирактың премьер-министрлері имам Хомейнидің Ирактан шығыуын қарастырған болатын. Неджаффағы Хомейнидің үйін қоршауға алып, Ирактың қауіпсіздік комитетінің басшысы Садун Шакирмен САВАК қызметкерлері оның саясаттан бас тартуын немесе елден шығуына талаптар қойды. Имам Хомейни *«Мен үшін саясат пен дін біртұтас, бірінен бірін бөліп қарауға болмайды, сондықтан мен өзімнің саяси көзқарасымнан таймаймын»* деді. 6(1136) Хомейниді елден шығарудың және кіргізудің саяси қиындықтары болатын, оны иранға көрші мемлекеттер қабылдауға шахпен қарым қатынасын күрделендіріп аламыз деп қорқатын.

1978 жылы 6 қазанда Хомейни жанұясымен Францияға ұшып келді. Парижде де оны қонақжайлылықпен қарсы алмағандығын айтады. Қанаушы мемлекеттердің каналушы мемлекеттердің азаттық жолындағы жан айқайын естігісі келмейтін сыңай танытқандай. Имам Хомейни иран халқының

азаттық жолындағы күресін әлемнің шартарбына жеткізетінін қайсарлықпен баян ететінін айты.Францияда имам Хомейниг иранның бай Астари есімді азаматы Парижден 25 шақырым жердегі Нофль-ле- Шатто қалашығынан үй жай берді. Имамның европадағы азаттық жолындағы күресінің жалғасуы шет мемлекеттердегі ирандық азаматтар тарапынан қолдау тапты.

Иранда шах үкіметі әскери тәртіптіңнің жарияланғандығын және наразылық шерушілерді жазалауды бұйырды. Премьер-министр Шапур Бахтияр және Европадағы БҰҰ-ның әскери қолбасшысының орынбасары Хайзер Иранға келіп,шахты келісілген жасырын шарт бойынша уақытша тақтан түсіруді көздеді.Бахтияр шахтың елден кетуімен елдегі жағдайдың қалпына келетініне сендірді.Осылай исламдық қағиданы сақтауы,діни өкілдерге жеңілдіктер беру,ақпарат құралдарына бостандық, саяси сатқындық пен мемлекеттік құзырлы орындардағы паракорлықты жазалау қолға алынып іске асты.

Имам Хомейни Бахтияр үкіметінің заңсыз екенін жариялады. Жалпыхалықтық қозғалыс біркелкі болды деп айтуға болмайды,өйткені елде көптеген партия өкілдері болатын. Билікке таласу коммунистік Туде партиясы, Солшылдар, Жанқиярлар партизандық ұйымдарының және Мұжахедтер ұйымдарының арасында болатын.Елді басқаруға зиялы топ өкілдері де өз үлестерін қосуға қарсы еместігінбілдірді,бірақ имамның жетекшілігіндегі діни күш өзінің үстемдігін насихаттады.Алғашқыда бірлікте болған төңкеріс белсенділері кейінен ортақ көзқараста болмады.1979 жылы13 қаңтарда Тегеран университетінде имам Хомейнидің халқына жолдауы оқылды. Ақпанның 1-де имам отанына оралды,оны 4-мыңнан 6-мыңға дейін халық күтіп алды. Имам халқына алғыс айтып, Бехеште Захра зиаратындағы төңкерістің және шахтық режимнің құрбандарына зиярат етіп қайтты. Имам Хомейни жаңа үкіметтің билікке келгенін жариялады, ол діни адам Базарган болатын.Бахтияр мен Хайзер бұл уақытта әскери төңкеріс жасауды жоспарлап жатқан болатын, ойлаған жоспарлары ойдағыдай болмады, әскерилердің көбі халық жағына шықты.9-нан11-ші ақпанға дейін екі тулік бойы соғыс жүрді, нәтижесінде ақпанның11-де бұқаралық ақпараттан Ислам төңкерісінің жеңіске жеткенін және Иран Ислам Республикасының орнағандығын жариялады.

1. Имам Хомейни Вожди народов XX-век Москва 1999 г. 1(486), 2(57), 3(646), 4(886), 5(93),6(1136)
2. Имам Хаменеи Вожди народов XX-век Москва 2000 г.
3. В.Б.Кляшторина. Происхождение и трансформация лозунга иранской революции « на шарги, на гарби эслами»
4. Изречения. Афоризмы и наставления имама Хомейни.Тегеран,1995ж,176
5. Иран тарихы. Риза Шабани.Алматы-2002. ж «Зерде» баспасы (2526)

В статье автором рассматриваются политическая и религиозная жизненная деятельность великого вождя Исламской революции имама Хомейни. Его политический и религиозный жизненный путь был тяжёлым и светлым. Он умел бороться за веру, за справедливость и за свободу своего народа. В течение долгих лет неустанно боролся против шахского режима и экспансии капиталистических держав. В конечном итоге одержал победу и основал Исламскую Республику Иран.

This article shows us the political and religious life work of a great Imam Khomeini, who was a leader of the Islamic revolution. His political and religious life way was hard and light. He fought for trust, justice, and nations' independence. For a long time he was hardly fighting against shahs' rules, intervention of capitalistic countries. Finally he won and based Islamic Republic of Iran.